

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту
министрлігі

Қазақстан Республикасы Оқу-
ағарту министрінің 2025 жылғы 24
сәуірдегі № 82 бұйрығы.
Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде 2025
жылғы 24 сәуірде № 36019 болып
тіркелді

Министерство просвещения Республики Казахстан

**«Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және
аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы»
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының
2024 жылғы 10 шілдедегі № 174 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 10 шілдедегі № 174 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34720 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

««Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 18) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**»;

2 және 3-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

«2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:



«ЗКАИ» ШЖК РМК лауазымды тұлғаның ЭПҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ӘББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

9 (10)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2025 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;

11 (12)-сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары – 2025 жылғы 30 мамырдан бастап 16 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін:

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 29 мамыр;

2) қазақ тілі/орыс тілі және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2025 жылғы 2 маусым;

3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2025 жылғы 5 маусым;

4) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 10 маусым;

11 (12)-сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2025 жылғы 30 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 4 маусым;

3) қазақ тілі/орыс тілі бойынша және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде оқытатын мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 9 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2025 жылғы 12 маусым;

5) өзбек/ұйғыр/тәжік/орыс тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2025 жылғы 16 маусым.».

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі**

Г. Бейсембаев



БҰЙРЫҚ

2025 жылғы 05 мамыр

Қостанай қаласы

ПРИКАЗ

356

№

г.р.г. Қостанай

«Қостанай облысының орта
білім беру ұйымдарында
2024-2025 оқу жылының
басталу және аяқталу мерзімдерін,
сондай-ақ білім алушыларды
қорытынды аттестаттаудан өткізу
мерзімдерін айқындау туралы»
2024 жылғы 22 шілдедегі
№494 бұйрығына
өзгерістер енгізу туралы

«Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 10 шілдедегі № 174 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34720 болып тіркелген) өзгерістер енгізу туралы» 2025 жылғы 24 сәуірдегі №82 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» 2024 жылғы 22 шілдедегі №494 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

2 және 3-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

«Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2025 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;

11 (12)-сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары – 2025 жылғы 30 мамырдан бастап 16 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін:

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 29 мамыр;

2) қазақ тілі/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2025 жылғы 2 маусым;

060926

3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2025 жылғы 5 маусым;

4) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 10 маусым;

11 (12)-сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2025 жылғы 30 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 4 маусым;

3) қазақ тілі/орыс тілі бойынша (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 9 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2025 жылғы 12 маусым;

5) орыс тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2025 жылғы 16 маусым.».

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ басшысының орынбасары Данагүл Жаппасбайқызы Сюдниковаға жүктелсін.

«Қостанай облысы әкімдігінің
білім басқармасы» ММ



А. Ибраева

КОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ «КОСТАНАЙ
АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
КОСТАНАЙСКОГО РАЙОНА»
УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

« 5 » 05 2025 ж.г.
№ 887

«Қостанай ауданының орта білім беру
ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының
аяқталуы туралы»

«Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 10 шілдедегі № 174 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2025 жылғы 24 сәуірдегі № 82 бұйрығына сәйкес және «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Қостанай облысының орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ, білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» 2024 жылғы 22 шілдедегі №494 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 2025 жылғы 5 мамырдағы № 356 бұйрықты орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары - **2025 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;**

11-сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары - **2025 жылғы 30 мамырдан бастап 16 маусым аралығында.**

2. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 сынып оқушылары үшін:

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – **2025 жылғы 29 мамыр;**

2) қазақ тілі/орыс тілі(оқыту тілі) бойынша эссе түріндегі жазбаша емтихан,

005725

гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептердің білім алушыларына арналған -жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) - **2025 жылғы 2 маусым;**

3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзілік тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – **2025 жылғы 5 маусым;**

4) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – **2025 жылғы 10 маусым;**

11 сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан - **2025 жылғы 30 мамыр;**

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан - **2025 жылғы 4 маусым;**

3) қазақ тілі /орыс тілі(оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – **2025 жылғы 9 маусым;**

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан(физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – **2025 жылғы 12 маусым;**

5) қазақ тілі мен әдебиеті бойынша орыс тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – **2025 жылғы 16 маусым.**

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басшының м. а.:



А.Жусупова



КОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ «КОСТАНАЙ
АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
КОСТАНАЙСКОГО РАЙОНА»
УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

« 13 » *мамыр* 20*15* жыл
№ *936*

Аралық аттестаттау өткізу туралы


Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидалары" бұйрығының 1-қосымшаға сәйкес және ҚР оқу-ағарту министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық академияның ұсынымы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу жылын негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) білім деңгейінде аяқтаған кезде қазақ тілінде оқытатын мектептерде "қазақ тілі" пәні бойынша, қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде "қазақ тілі мен әдебиеті" пәні бойынша жазбаша және ауызша нысанда емтихан түрінде аралық аттестаттауды өткізу, МЖМБС (аудио(тыңдау), сөйлеу, оқу, жазу):
 - оқу-далалық жиындарды өткізуге байланысты 10-сыныпта емтиханды **2025 жылғы 26 мамырда** өткізу.
 - 5-8 сыныптарда емтиханды **2025 жылғы 27 мамыр мен 30 мамыр** аралығында өткізу.
2. Әдістемелік кабинеттің басшысы (Г.Д. Тәжікенова) Қостанай ауданының қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінен құралған шығармашылық топ дайындаған емтихан материалдарын дайындап, мектептерге жолдасын. Емтихан материалдары 15.05.2025 жылға дейінгі мерзімге дайындалсын.
3. Негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымының басшыларына:
 - 3.1. Педагогикалық кеңесте емтихан өткізу уақытын анықтаңыз.
 - 3.2. Емтиханнан 1 күн бұрын емтихан материалын басып шығарыңыз және дайындаңыз.
 - 3.3. Емтихандарға баға қою кезінде 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрық басшылыққа алынсын.

005276

4. Бұйрықтың орындалуына жауапкершілік аудандық білім бөлімінің әдіскері И.О.Бегемановаға жүктелсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау әдістеме кабинетінің меңгерушісі Г.Д.Тажикеноваға жүктелсін.

«Қостанай ауданының
білім бөлімі»ММ
басшының м.а.



А.Хасанова

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ҚОСТАНАЙ АУДАНЫ БІЛІМ
БӨЛІМІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ТІЛДЕ ОҚЫТАТЫН
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ
АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ
БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА
С ГОСУДАРСТВЕННЫМ
ЯЗЫКОМ ОБУЧЕНИЯ ИМЕНИ
АХМЕТА БАЙТҰРСЫНҰЛЫ
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
КОСТАНАЙСКОГО РАЙОНА»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ
ОБЛАСТИ

111108, Қостанай облысы, Қостанай ауданы,
Заречный ауылы, Северный ш/а, 1
Тел: 8714553-73-62

111100, Қостанайская область, Қостанайский
район, село Заречное, мкрн. Северный, 1
тел: 8714553-73-62

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

15.05.2025

№187

2024-2025 оқу жылының аралық аттестаттауөткізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгіріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидалары» бұйрығының 1-қосымшаға сәйкес және ҚР оқу-ағарты министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық академияның ұсынысы негізінде және Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2025 жылдың 13 мамырдағы №936 бұйрығына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

«Қазақ тілі» пәнінен-жазбаша жұмыс (оқылым, жазылым)

5 сыныпта: 27.05.2025ж. *Емтихан алушы:* Сүйеубаева А.А

Ассисенттер: Жаппарова Г.А., Нурпеисова А.Б.

6 сыныпта: 27.05.2025ж.. *Емтихан алушы:* Сүйеубаева А.А.

Ассисенттер: Жаппарова Г.А., Абдыкалыкова Ж.Т.

7 «а» сыныпта: 28.05.2025ж. *Емтихан алушы:* Сүйеубаева А.А., *Ассисенттер:* Ахатова А.Б., Бердибаева А.Б;

7 «ә» сыныпта: 27.05.2025 ж. *Емтихан алушы:* Абдыкалыкова Ж.Т. *Ассисенттер:* Сыздыкова Ж, Тапелова Д.Ж.

8 «а» сынып: 27.05.2025ж. *Емтихан алушылар:* Рахимжанова Ж.М. *Ассисенттер:* Байдрахманов М.С., Кункабаева С.С

8 «ә» сынып: 27.05.2025 ж. *Емтихан алушы:* Бердибаева А.Б. *Ассисенттер:* Ахатова А.Б. Нугманова М.К.

10 сынып: 26.05.2025ж. *Емтихан алушы:* Рахимжанова Ж. *Ассисенттер:* Кункабаева С.С., Тапелова Д.Ж.

Емтиханнан 1 күн бұрын емтихан материалдарын басып шығарып дайындалсын.

Емтихандарға баға қою кезінде 2008 жылғы 18 наурыздағы бұйрық басшылыққа алынсын.

Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Жаппарова Г.А. және пән мұғалімдеріне қалдырамын.

Танысты:

Мектеп директоры

Хажмуханов К.Х.

Бердибаева А.Б.

Жаппарова Г.А.

Абдыкалыкова Ж.Т.

Тапелова Д.Ж.

Рахимжанова Ж.М.

Суйеубаева А.А.

Нугманова М.К.

Байдрахманов М.С.

Кункабаева С.С.

Ахатова А.Б.

Сыздыкова Ж.

Нурпеисова А.Б.



КОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«КОСТАНАЙ АУДАНЫ БІЛІМ
БӨЛІМІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ТІЛДЕ ОҚЫТАТЫН
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ
АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ
БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА
С ГОСУДАРСТВЕННЫМ
ЯЗЫКОМ ОБУЧЕНИЯ ИМЕНИ
АХМЕТА БАЙТҰРСЫНҰЛЫ
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
КОСТАНАЙСКОГО РАЙОНА»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

111108, Костанай облысы, Костанай ауданы,
Заречный ауылы, Северный ш/а, 1
Тел: 8714553-73-62

БҰЙРЫҚ

111100, Костанайская область, Костанайский
район, село Заречное, мкрн. Северный, 1
тел: 8714553-73-62

ПРИКАЗ

05.05.2025

№166

**2024-2025 оқу жылын аяқтау
және білім алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу туралы**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес, 2024-2025 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау және білім алушылардың қорытынды, аралық аттестаттауын өткізу мақсатында, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2025 жылдың 05 мамырдағы №887 бұйрығына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу жылын аяқтау және білім алушылардың қорытынды аттестаттауы келесі тәртіпте белгіленсін:

2. Қорытынды аттестаттауды өткізу мерзімдері:

2.1. 9-сынып білім алушылары үшін қорытынды емтихандар 2025 жылғы 29 мамырдан - 10 маусымға дейін;

2.2. 11-сынып білім алушылары үшін қорытынды емтихандар 2025 жылғы 30 мамырдан -16 маусымға дейін;

Қорытынды аттестаттау

9 - сынып білім алушылары үшін:

1) **математика (алгебра)** бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 29.05.2025ж. сағ.10.00. №203каб. *Емтихан алушы:* Саматова Г.К.

Ассисенттер: Кенжегарина Ж.А., Дулыбаева К.А.

2) **қазақ тілі пәнінен**—жазбаша жұмыс (эссе) – 02.06. 2025 жыл. сағ. 10.00. каб. №207. *Емтихан алушы:* Рахимжанова Ж.М.

Ассисенттер: Суйеубаева А.А., Абдыкалыкова Ж.Т.

3)тандау пәні бойынша жазбаша емтихан (биология, география, Қазақстан тарихы) – 05.06.2025ж. сағ.10.00

тандау пәні- биология. №102каб. *Емтихан алушы:* Оралбаева Д.А.

Ассистенттер: Кенжегарина Ж.А., Дулыбаева К.А.

тандау пәні- география. №214 каб. *Емтихан алушы:* Утепбаева Д.М.

Ассистенттер: Кенжегарина Ж.А., Суимбекова З.А.

тандау пәні - Қазақстан тарихы. № 205 каб. *Емтихан алушы:* Хамзина А.Б.

Ассистенттер: Калиев Д.Д, Даулетбаев Б.А.

4) орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 10.06.2025 жыл. №204 каб.

Емтихан алушы: Ахатова А.Б. *Ассистенттер:* Тапелова Д.Ж.,Кункабаева С.К.

Жалпы орта білім беру пәндері бойынша қорытынды аттестаттау

11- сынып білім алушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 30.05.2025ж

Емтихан алушы: Қалиев Д.Д. *Ассистенттер:* Хамзина А.Б, Даулетбаев Б.А.

2)Алгебра және талдау бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 04.06.2025ж 11 «а» сынып: *Емтихан алушы:* Кенжегарина Ж.А.

Ассистенттер: Суимбекова З.А., Утепбаева Д.М.

11 «ә» сынып: *Емтихан алушы:* Дулыбаева К.А

Ассистенттер: Саматова Г.К., Оралбаева Д.А.

3)Қазақ тілі бойынша жазбаша емтихан – 09.06.2025 жыл;

11 «а» сынып: *Емтихан алушы:* Рахимжанова Ж.М

Ассистенттер: Абдыкалыкова Ж.Т., Бердибаева А.Б,

11 «ә» сынып: *Емтихан алушы:* Суйеубаева А.А.

Ассистенттер: Жаппарова Г.А, Ахатова А.Б.

4)тандау пәні бойынша жазбаша емтихан биология, информатика, география, физика, химия, құқық негіздері, шет тілі (ағылшын)- 12.06.2025ж

Тандау пәні: биология *Емтихан алушы* Оралбаева Д.А.

Ассистенттер: Бердибаева А.Б., Тапелова Д.Ж.

Тандау пәні: информатика *Емтихан алушы:* Бекбулатов Е.К.

Ассистенттер: Ертышпаев Е.Т., Саматова Г.К

Тандау пәні – география *Емтихан алушы:* Утепбаева Д.

Ассистенттер: Кенжегарина Ж.А., Жаппарова Г.А.

Тандау пәні: физика *Емтихан алушы:* Суимбекова З.А.

Ассистенттер: Әділханова П.К., Дулыбаева К.А.

Тандау пәні – құқық негіздері *Емтихан алушы:* Хамзина А.Б.

Ассистенттер: Даулетбаев Б.А, Жаркин С.А.

Тандау пәні: ағылшын тілі *Емтихан алушы:* Байдрахманов М.С.

Ассистенттер: Кункабаева С.С., Суйеубаева А.А.,

5) Орыс тілі бойынша жазбаша емтихан 16.06.2025ж

11 «а» сынып: *Емтихан алушы:* Ахатова А.Б.

Ассистенттер: Суйеубаева А.А., Жаппарова Г.А.

11 «ә» сынып: *Емтихан алушы*: Тапелова Д.Ж.
Ассистенттер: Кункабаева С.С., Абдыкалыкова Ж.Т.

1. 2024 – 2025 оқу жылы аяқталуын өткізу бойынша іс – шаралар жоспары бекітілсін.
2. Осы бұйрықтың орындалуына жауапкершілік директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Жаппарова Гаухар Абдирахимовнаға жүктелсін.
3. Бұйрық барлық ұжым мүшелеріне таныстырылсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз міндетіме қалдырамын.

Мектеп директоры:



К.Хажмуханов.

Танысты:

Бердибаева А.Б.

Жаппарова Г.А.

Нуржанова С.П.

Абдыкалыкова Ж.Т.

Тапелова Д.Ж.

Рахимжанова Ж.М.

Суйеубаева А.А.

Дулыбаева К.А.

Кенжегарина Ж.А.

Байдрахманов М.С.

Кункабаева С.С.

Саматова Г.К.

Суимбекова З.А.

Бекбулатов Е.К.

Ертышпаев Е.Т.

Ахатова А.Б.

Оралбаева Д.А.

Утепбаева Д.М.

Хамзина А.Б.

Даулетбаев Б.А.

Калиев Д.Д.

Әділханова П.К.

Жаркин С.А.